

КҮЛТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ СҮЙЕК және МҮЙІЗ АРТЕФАКТІЛЕРІНЕ ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ (алдын ала мәліметтер)*

© 2021 ж. Саргизова Гүлзада Балтабекқызы¹

¹PhD докторант, кіші ғылыми қызметкер,
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: gulzada-87@mail.ru

Аннотация. Археологиялық ескерткіш – Күлтөбе қалашығы ескі Түркістан қаласының (Ескі Түркістан) бір бөлігі болып табылады және Дүниежүзілік мұра нысаны – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің (одан 350 м қашықтықта) буферлік аймағында орналасқан. 2020–2021 жылдары Күлтөбе қалашығының аймағында бірнеше нысанда қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Мақалада Күлтөбе ескерткішінен табылған сүйек құралдары мен бұйымдарының типологиялық және трасологиялық зерттеулері қарастырылған. Ағымдағы жылы трасологиялық зерттеу жұмыстарына 22 дана сүйек және мүйіз үлгілері алынды. Сүйек және мүйіз құралдары мен бұйымдары С.А. Семеновтың әдістемесі бойынша зерттелді. Сүйектен жасалған өнімдер Levenhuk DTX 700 LCD сандық микроскопында қаралып, фотоға түсірілді. Талдау нәтижесінде жеке құралдарда жұмыс іздері және олардың ерекшелік сипаттамалары анықталды. Сүйектен жасалған бұйымдарға тексеру жүргізілді; қолдан жасалған және өзге де түрленулердің іздері бар үлгілерді анықталды; алынған материалдарды – бұйымдарды, дайындау мен өндіріс қалдықтарын жүйелеу жүргізілді; бұйымдардың морфологиялық деректері анықталды. Ортағасырлық Күлтөбе тұрғындары қолда бар шикізатты тиімді пайдалана білген. Олар сойылған жануарлардың етін жеп, сүйектерін өңдеп, кейіннен күнделікті өмірде өз қажеттіліктері үшін пайдаланды.

Түйін сөздер: археология, Күлтөбе, ортағасыр, ескерткіш, трасология, сүйек және мүйіз индустриясы

ТРАСОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ АРТЕФАКТОВ из КОСТИ и РОГА ГОРОДИЩА КУЛЬТӨБЕ (предварительные данные)

Саргизова Гульзада Балтабековна¹

¹PhD докторант, младший научный сотрудник,
Институт археологии им. А.Х. Маргулана, КазНУ им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан. E-mail: gulzada-87@mail.ru

Аннотация. Археологический памятник городище Культобе является частью старого города Туркестан (Ескі Түркістан) и расположено в буферной зоне объекта Всемирного наследия – мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави (в 350 м от него). В 2020–2021 гг. на территории городища Культобе проведены раскопочные работы на нескольких объектах. В статье представлены типологические и трасологические исследования костяных орудий и изделий, найденных на территории городища Культобе. В текущем году для проведения трасологического анализа отобрано 22 образца из коллекции ко-

стояных и роговых предметов. Для изучения изделий и орудий применялась методика С.А. Семенова. Поверхность артефактов была изучена с помощью цифрового микроскопа Levenhuk DTX 700 LCD. В результате анализа выявлено наличие следов от работы на отдельных орудиях, определены их характерные особенности. Произведен осмотр костяных артефактов; выполнено выявление образцов со следами рукотворных и иных видоизменений; проделана систематизация полученных материалов – изделий, заготовок и отходов производства; определены морфологические данные предметов. Население средневекового Күлтөбе эффективно использовало имеющееся сырье. Они питались мясом забитых животных, обрабатывали их кости и использовали в последующем для собственных нужд в повседневной жизни.

Ключевые слова: археология, Күлтөбе, средневековье, памятник, трасология, костяная и роговая индустрия

A USE-WEAR ANALYSIS of BONE and ANTLER ARTIFACTS from KULTOBE (preliminary data)

Gulzada Sargizova¹

¹PhD student, Junior Researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute,
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulzada-87@mail.ru

Abstract. The archaeological site of the Kultobe settlement is part of the old city of Turkestan (Eski Türkistan) and is located in the buffer zone of the World Heritage Site – the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi (350 m from it). In 2020, excavation work was carried out on the territory of the Kultobe settlement at 9 sites. The article presents typological and trace evidence studies of bone tools and artifacts found in the Kultobe settlement. This year, 22 samples from the collection of bone and antler objects were selected for use-wear analysis. To study artifacts and tools, the technique of S. Semenov was used. The surface of the artifacts was studied using a Levenhuk DTX 700 LCD digital microscope. As a result of the analysis, the presence of traces of work on individual tools was revealed, their characteristic features were determined. Bone artifacts were inspected; identification of samples with traces of man-made and other modifications; systematization of the obtained materials – artifacts, samples and production wastes; raw materials and morphological data of objects are determined. The population of medieval Kultobe effectively used the available raw materials. The diet of residents included the meat of slaughtered animals. They processed their bones and then used them for their own needs in everyday life.

Keywords: archaeology, Kultobe, Middle Ages, monument, use-wear analysis, bone and antler industry

Kipicne

Күлтөбе қалашығы Ұлы Яссауи кесенесінің аймағында Жібек жолы бойында орналасқан орналасқан¹. Күлтөбе қалажұрты ірі ежелгі мәдени, діни және сауда б.д.д. І мыңж. соңында пайда болған. орталығы. Қалашық Ескі Түркістан Ал, Ясы-Түркістан ретінде ХІХ ғ. қаласының бөлігі және Қожа Ахмет екінші жартысына дейін болған.

¹ Ескерткіштің орналасқан жері туралы ақпарат, зерттелген нысандардың қысқаша сипаттамасы және басқа да мәліметтерді М.С. Шағырбаевпен бірлескен авторлардың журналдың осы санындағы мақаласынан қараңыз – ред. ескертпесі.

Ескерткіштің аумағында 1973 ж. бастап Т.Н. Сенигованың жетекшілігімен археологиялық зерттеулер жүргізіле бастаған [Смагулов, 2017, с. 208–211]. Ескерткіштің археологиялық зерттелуі барысында мал сүйектері өңделген және өңделмеген түрде кездесіп отырған. Кейбір артефактілердің сипаттамалары беріліп отырғанымен, арнайы лабораториялық жұмыстары жүргізілмеген.

2020 ж. Күлтөбе қалашығының аймағында бірнеше қазба жұмыстары жүргізілген болатын [Хазбулатов, 2020, с. 19–23]. Мақалада 2020 ж. Күлтөбе ескерткішінен табылған сүйек құралдары мен бұйымдары типологиялық және трасологиялық зерттеулері қарастырылған. Ағымдағы жылы зерттеу жұмыстарына 22 дана сүйек және мүйіз үлгілері алынды. Аталған бұйымдарға алдымен типологиялық, морфологиялық талдау жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу әдістері

Археологиялық жәдігерлерді, оның ішінде сүйек және мүйіз құралдарын зерттеуде типологиялық, трасологиялық, морфологиялық және басқа да сараптамалық әдістер бар. Осылардың ішіндегі трасологиялық әдістің маңыздылығы зор. Жалпы, трасология (французша «la trace» – «із» сөзінен шыққан) криминалистика ғылымының техникаларының бірі [Аверьянова, Белкин, 2000, с. 10]. Ол қылмыстың жасалу механизмін көрсететін іздердің пайда болу заңдылықтары мен теориялық негіздерін зерттейді және болған оқиғаны анықтау үшін оларды табу, тану әдістері және қылмысты ашу, зерттеу мақсатында із үлгілерін алу әдістерін көрсетеді.

XX ғ. археологияда трасологиялық зерттеу әдісі қолданыла бастады. Алғашқы рет ағылшын археологы У. Гринвел (1965) палеолиттік қырғыштарда өңдеу іздерін байқаған. Кейін Дж. Эванс құралдардан сызықты іздерді байқады. 1934 ж. С.А. Семенов тас және сүйек құралдарға микроскоптың көмегімен трасологиялық сараптама жұмыстарын жүргізді [Семенов, 1957, с. 17]. П.П. Ефименко «Костенки 1» еңбегінде трасологиялық сараптаманың әдістемесін қарастырды [Ефименко, 1958, с. 38]. Трасологиялық зерттеулердің дамуындағы жаңа сатысы американдық зерттеуші Л. Килидің еңбегінің-жарық көруімен байланысты болды [Keeley, 1976, p. 115].

Сүйек және мүйіз артефактілер Levenhuk DTX 700 LCD сандық микроскоптың көмегімен қаралып, суретке түсірілді. Зерттеу жұмыстарының мақсаты – сүйек артефактілерді қарастыру және олардың түрлеріне қарай жіктеу, сандық микроскопты пайдала отырып, трасологиялық зерттеулер жүргізу. Аталған мақсаттарды орындау барысында:

- адамның ықпалымен дайындалған, яғни арнайы дайындалған сүйек және мүйіз артефактілер қаралып, анықталды;
- алынған мәліметтерді жүйелеу жұмыстары жүргізілді;
- сүйек және мүйіз бұйымдардың шикізатты және морфологиялық сипаттары анықталды;
- сүйек құралдар мен бұйымдардың жалпы сипаттамасы жасалынды.

Күлтөбе ескерткішін зерттеу барысында сүйек және мүйіз бұйымдардың классификациялық кестесі құрылды (1-кесте).

1-кесте – Күлтөбе қалашығының сүйек және мүйіз бұйымдардың классификациясы

Table 1 – Classification of bone and antler tools and items of Kultobe monument

	Өңделген және тозған іздері сақталған	Алғашқы өңдеу жұмыстары жүргізілген	Өңделмеген және ешқандай іздер сақталмаған
Құралдар	Уақ малдың жауырындары (4 дана)	Ірі қара малдың төменгі жақ сүйектері (2 дана); ұсақ малдың жауырындары (6 дана)	
Бұйымдар	Уақ малдың түтікшелі жілік сүйектері (4 дана)		Уақ малдың асықтары (2 дана)
Дайындамалар		Уақ малдың (ешкі) мүйізі (1 дана); Ақбөкен мүйіздері (2 дана) Уақ малдың түтікшелі жілік сүйегі (1 дана)	

Көрсетілген сүйек артефактілердің негізгі шикізаты ретінде уақ малдың, қойдың түтікшелі сүйектері, жылқының төменгі жақ сүйектері, ақбөкен мүйізі және уақ малдың мүйізі таңдалған.

Алынған сүйек үлгілердің арасында көптеп кездесетіні уақ малдың жауырындары болып табылады. Күлтөбе ескерткішінен трасологиялық зерттеуге ұсынылған жауырындар – 10 дана. 4 дана жауырынның дорсальды² жиегі арнайы түзетілген (сур. 1), әсіресе екі жауырында түзету іздері өте жақсы сақталған. Бір түзетілген жауырынның каудальды бұрышында қызыл бояудың іздері сақталған. 3 дана жауырынның дорсальды жиегінде үшбұрышты сынық жасалған, біреуі көлемді болып келген, ал қалған екеуі кішіректеу. Барлық жауырындардың жалпақ, тегіс бетінде метал құралмен жасалған сызықты тесіктер бар. 4 дана жауырында бір сызықты тесіктер, біреуінде 2 сызықты тесік, 2 жауырында үш сызықты тесік жасалған. Тек бір жауырында сызықты тесік

кездеспейді, өйткені жауырынның негізгі жалпақ бөлігі үшбұрышты болып кесілген. Жауырындардың қыры (*spina scapulae*) көп жағдайда арнайы өңделмеген, табиғи жолмен сынған, тек 2 дана жауырында қырлары (*spina scapulae*) арнайы кесілген. Жауырындардың басқа бөліктерінде адам ықпалымен жасалған арнайы өңдеу іздері сақталмаған. Трасологиялық зерттеулер нәтижесінде Күлтөбе ескерткішінен табылған 4 жауырын арнайы метал құралдың көмегімен өңделгені анықталды. Сонымен қатар, жауырындарға бірнеше өңдеу жұмыстары жүргізілген: 1) 2 дана жауырынның қыры (*spina scapulae*) кесілген, 2) 4 жауырынның дорсальды жиегі кесілген және метал құралдармен түзетілген, 3) метал құралмен 9 дана жауырынның қырарғы шұңқырына (*fossa infraspinata*) сызықты тесіктер салынған.

Жауырын – қазақтардың дәстүрлі идеологиялық таным-түсінігінде маңызды орын алатын,

² Оңтайлы сәтті пайдалана отырып мақаланы дайындау барысында берген кеңестері үшін М.С. Шағырбаевқа алғысымды білдіремін.



Сур. 1. Күлтөбе қалашығы. Қой (*Ovis aries*) жауырыны:
 А – жауырынның каудальды бұрышында сақталған қызыл бояу іздері;
 В – жауырынның дорсальды жиегінде сақталған өңдеу іздері.
 Сурет авторы Г.Б. Саргизова

Fig. 1. Kultobe monument. Scapula of the sheep (*Ovis aries*):
 A – traces of red paint on the caudal angle of the scapula;
 B – processing traces on the caudal edges of the scapula.
 Photo by G. Sargizova

малдың алдыңғы аяқ қаңқасының иық белдеуіндегі үш бұрыш пішінді, жалпақ мал сүйегінің қадірлі саналған бөлігі. Жауырын көне заманнан қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алған. Жауырынды тұрмыста көп жағдайда құрал ретінде пайдаланса, екінші жағынан халықтың дүниетанымында жауырынмен байланысты наным-сенімдер қалыптасқан.

Қола дәуіріндегі еңбек құралдар қатарында мал сүйектері, әсіресе жауырын елеулі мәнге ие болған: солтүстік Бетпақдаладан табылған б.д.д. II–I мыңж. остеологиялық материалдары арасынан жауырыннан

жасалған қорғаныс құралдары, тері илейтін тырнағыш (чесало), қож (совок), шикі қайысты тартатын тесік жауырындардың көптеп табылуы аталған сүйектің түрлі мақсатта кең қолданылғанын байқатады [Маргулан, 1950, с. 16]. Байырғы қазақтарда молдалар бала оқытқанда түйе, жылқы сияқты ірі малдың жауырындарын жазу материалы ретінде пайдаланып, сиямен әріп жазған. Сиыр мен жылқы жауырынын әліпби жазу мен ұсталар құралына қолданған [Бабақұмар, 2012, 50–57–66.].

Политеистік түсінікке негізделген жанды, жансыз дүниенің

қамқоршысына баланған мал сүйектерінің өлген рухты еске түсіру мен құрбандық рәсімдеріне қолданылғаны туралы мысалдар Еуразия даласында молынан ұшырасады. Мұндай мақсаттарға мал сүйектерінің ішінен жауырынның кеңірек қолданылуы Андронов мәдениетінің жерлеу ескерткіштерінен бастап орта ғасырдың соңына дейін сақталған.

Жауырынның әр түрлі тарихи кезеңдерде түрленіп бүгінге жеткен киелі қызметі бар. Оның бірі – жауырынды жағу (отқа қақтау) арқылы (отқа қақтаған кезде пайда болған сызат, белгілерге қарап) бал ашу. Жауырынға қарап бал ашу өнері жайлы алғашқы жазбаша дерек Гильом де Рубрук еңбегінен бастап П.С. Паллас, А.И. Левшин, Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов т.б. авторлар жазбаларында кездеседі [Бабақұмар, 2012, 50–57-бб.].

Сонымен, Күлтөбе ескерткішінен табылған жауырындардың өңделуі алтынордалық Болгар қаласының орталық бөлігінен табылған жауырындарға өте ұқсас [Антипина, Яворская, 2017, с. 12–20]. Трасологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша және жауырында қызыл бояудың табылуына қарай жауырындар бояу араластыруға арналған құрал немесе тұрмыста қалақ ретінде пайдаланған болуы мүмкін. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген этнографиялық деректерге сәйкес зерттелген жауырын үлгілері сакральды мақсатта да пайдаланылуы мүмкін. Ал жауырынның арнайы кесіліп, түзетіліп, өңдеу жұмыстары жүргізілгеніне қарағанда жазба «тақтайшасының» («таблички» для письма) дайындамасы болуы да мүмкін деп пайымдаймыз [Антипина, Яворская, 2017, с. 12–20].

Аталған ескерткіштердің жиынтығындағы қызықты сүйек артефактілердің бірі – ұсақ малдың түтікшелі жілік сүйектері. Олардың саны – 4 дана. Екі түтікшелі жілік сүйектердің жоғарғы бөлігінің диаметрі 0,5 мм болатындай етіп тесілген (сур. 2), ал сүйектің төменгі жағы сынған. Дайындалуы және табылған сызықты іздері бойынша кішкентай нәрестенің бесігіне арналған шүмектер болуы мүмкін. Жілік сүйегіне арнайы жасалған тесік арқылы бесікте жатқан баланың нәжісі өтіп, арнайы ыдысқа, түбекке ағады.

Қалған екі түтікшелі жілік сүйектері де сипатталған жілік сүйектерінің өңделуіне өте ұқсас. Жоғарғы жағы 0,5 мм көлемінде тесілген, басқа жілік сүйектеріне қарағанда сәл қысқалау келген. Сүйектің беткі қабатында, баланың аяқтары жанасатын тұсында аздаған жылтырланған іздері сақталған, бұл іздер шүмектің белгілі бір уақыт қолданыста болған кезде пайда болуы мүмкін.

Этнографияда осыған ұқсас жілік сүйектерінен жасалған бұйымдар баланың төсегі, бесіктің құрамдас бөлігі, жабдығы көптеп кездеседі. Ұл баланың шүмегін асықты жіліктің асық тұрған басынан ойық ойып әзірлейді. Екінші қарама-қарсы басын шорт кесіп, қырларын егеп, жұмырлайды. Қыз баланың шүмегін ескі, көп ұсталып, майсінді болған уықтың қарынан (иінінен) жасайды, ойығын ұлдыкіне қарағанда сәл сопақтау етіп қойған жөн. Шүмек баланың денесіне батпау үшін қырларын тегістеп, жылтырлатып, зәрді сорып алмауы үшін майға қайнатып алған [Куспеков, 2012, 128–136-бб.]. Күлтөбе қалашығынан



Сур. 2. Күлтөбе қалашығы. Ақбөкеннің (*Saiga tatarica*) мүйіз бөлшегі:
А – мүйізде сақталған кесу іздері; В – мүйіздің беткі қабатында сақталған өңдеу іздері.
Сурет авторы Г.Б. Саргизова

Fig. 2. Kultobe monument. Fragment of antelope (*Saiga tatarica*) antler:
A – cutting traces on the antler; B – processing traces on the antler. Photo by G. Sargizova

табылған шүмектерге ұқсас бұйымдар Қырым ескерткіштерінде [Пальцева и др., 2012, с. 208–215], Солтүстік Кавказ және Еділ/Волга бойындағы ескерткіштерде [Пальцева и др., 2012, с. 20–26], Фанагорияның антикалық қабаттарыннан табылған [Логофаст, Добровольская, 2018, с. 77–90].

Бөлшектенген уақ малдың (қой) түтікшелі жілік сүйегі. Жоғарғы жағы табиғи жолмен сынған. Сүйектің төменгі жағы көлденеңінен метал құралмен кесілген және түзетілген. Басқа арнайы адам ықпалымен жасалған іздер кездеспейді. Сүйекті дайындау барысында сынып кеткендіктен өңдеу жұмыстарын жалғастырмаған, сондықтан арнайы

бұйымның бүлінген дайындамасы болуы мүмкін. Басқа адам ықпалымен жасалған сызықты іздер сақталмаған.

Уақ (қой) малдың асықтары – 2 дана. Екеуі де жақсы сақталған. Кейбір бөлшектерінде аздаған табиғи сынық іздері бар. Арнайы адам ықпалымен жасалған өңдеу іздері сақталмаған. Бір асықтың сыртқы қабатында аздаған жылтырланған іздері сақталған, олар адам қолымен ұстағаннан қалуы мүмкін. Асықтар ас үйдегі тамақ қалдықтары немесе асық ойындарында аз уақыт пайдаланылған секілді.

Жалпы, мал сүйектерімен қатар, мүйіздердің де пайдаланылуы ежелгі тұрғындардың өмірінде ерекше орын

алған. Мүйіз құралдар тас, қола дәуірінен бастап қолданыста болған, адамдар мүйізді өңдеуді білген. Күлтөбе ескерткішінен өңделген жалпы мүйіз өнімдерінің 3 данасы зерттелді, оның 1 данасы ешкі мүйізі, 2 данасы ақбөкен мүйізі.

Уақ малдың мүйізі – 1 дана, бүтін. Мүйіздің ұшы сынған, негізі бөлшектене сынған. Мүйіздің негізі метал құралмен кесілген, сондықтан мүйіздің негізі тегіс кесілген. Мүйіздің іші борпылдақ келген, басқа арнайы өңдеу белгілері жоқ.

Ақбөкен мүйіздері – 2 дана. Екеуі де сынған, мүйіздер түбінен кесілген. Мүйіздің ұштары арнайы метал құралмен кесілген, іздері жақсы сақталған. Беткі қабаттарында арнайы өңдеу жұмыстары жүргізілген, метал құралмен өңдеуге тырысқан, бірнеше кесу, түзету іздері кездеседі (сур. 2). Бірақ мүйіздер толыққанды құрал ретінде өңделмеген. Екеуінің де беткі қабаттарында жылтырлату, қажу, қашау секілді арнайы өңдеу белгілері сақталмаған. Сондықтан үлгілер бұйымның немесе құралдың дайындамасы болуы әбден мүмкін.

Ұсынылған мүйіз үлгілердің ішінде құралдарға, бұйымдарға жататын үлгілер жоқ. Мүйіздерде алғашқы өңдеу жұмыстарының іздері сақталған, бірақ толыққанды өңдеу жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан мүйіз үлгілерді жүргізілген алғашқы өңдеу жұмыстарына қарай арнайы құралдың сабына дайындама ретінде немесе өндіріс қалдықтары ретінде қарастыруға болады.

Қола дәуірінен Қазақстан тұрғындарында тері өңдеу кәсібінде кең қолданыста болған құралдар – қырғыштар болып табылады. Осындай құралдар Күлтөбе жиынтығынан

да табылған. Ірі қараның төменгі оң жақ сүйектерінен дайындалған 2 дана үлгілері бар. Екеуінің де тістері және тіс түптері тазаланған. Біреуінің беткі қабатында аздаған жылтырлатылған іздері сақталған. Мұндай төменгі жақ сүйектерінен дайындалған құралдарды тері өңдеу кәсібінде қырғыштар («тупик», «трепало») деп атайды [Семенов, Коробкова, 1983, с. 151]. Олар көп жағдайда тері шелдеу, тіпті жұмсарту үрдістерінде пайдаланылған, соның нәтижесінде құралдың беткі қабатында абразивті өңдеуден қалған іздер секілді ұсақ және ірі, әр жаққа бағытталған сызықты іздер қалады. Беткі қабатында жылтырлатылған іздері сақталған құралмен көп пайдаланбаған, өте қысқа мерзімде, тіпті бір реттік қана қолданыста болған болуы мүмкін. Құралда бірінші өңдеу жұмыстары жүргізілген, ал тозу белгілері (қатты жылтырлату іздері, қажалғаннан пайда болатын сызықты іздер) кездеспейді.

Екінші жақ сүйегінен дайындалған үлгі өте қатты күйген, соның нәтижесінде қара түсті болып келген (сур. 3). Жұмыс аймағының беткі қабатында алғашқы өңдеу жұмыстарының белгілері бар. Құралдың беткі қабаты әктастанып кеткендіктен қатты тозу немесе өңдеу белгілері анық байқалмайды. Сонымен зерттеу нәтижесінде ірі қараның жақ сүйектеріне адам ықпалымен жасалған үрдістер мынадай болып табылады: 1) тіс және тіс түптері арнайы алынған, 2) метал құралмен тіс орындары кесіліп, тегістелген, 3) бір төменгі жақ сүйекті күйдірген. Анықталған белгілері бойынша жақ сүйектер құрал қырғыштың дайындамасы болуы мүмкін немесе екінші үлгі ошаққа отын ретінде пайдаланған болуы да мүмкін.



Сур. 3. Күлтөбе қалашығы. Жылқының (*Equus caballus*) төменгі жақ сүйегінің бөлішегі: А – жақ сүйектегі кесу жұмыстарының іздері; В – жақ сүйекте сақталған жону іздері; С – жақ сүйекте сақталған беткі қабатында алғашқы өңдеу жұмыстарының іздері.
Сурет авторы Г.Б. Саргизова

Fig. 3. Kultobe monument. Fragment of the lower jaw of a horse: A – traces of cutting work on the lower jaw; B – grinding traces on the lower jaw; C – processing traces on the lower jaw.
Photo by G. Sargizova

Осындай жақ сүйектерінен дайындалған өте қатты күйген құралдар қола дәуіріне жататын Талдысай (Орталық Қазақстан) қонысында жиі кездеседі [Панковский, Саргизова, 2020, 165 б.]. Олардың көпшілігі тері өңдеу кәсібінде көп уақыт қолданыста болған. Олар теріні тазалау жұмыстары, шелдеу секілді үрдістерден бастап сапалы тері өнім дайындау барысында барлық өңдеу жұмыстарында әмбебап құрал болған. Кейін сапалы, су өтпейтін былғары алу үшін арнайы кермеге теріні кере отырып, отқа кептіріп, қырғыштың көмегімен теріні өндеп, жұмсартқан. Осындай үрдістерден кейін өте сапа-

лы, көп жағдайға төзімді тері өнімін алған [Бейри и др., 2002, с. 83].

Зерттелген жануардың жақ сүйектерінен дайындалған үлгілер Орталық Қазақстан жеріндегі қола дәуірі қоныстарының құралдарына, Алтай өңірінің Жарково-3 кейінгі қола дәуірі ескерткішінің құралдарына өте ұқсас [Федорук, Вальков, 2015, с. 231]. Ортағасырлық ескерткіштерде өңделген ірі қара малдың сүйектері сирек кездеседі. Дегенмен, Күлтөбе ескерткішінде кездескен құралға ұқсас артефакті Жамбыл облысында орналасқан Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) ескерткішінен табылған [Тәлеев, Шагирбаев, 2020, 240 б.]. Бұл жақ сүйектердің жасалу

техникасы мен типологиялық сипаттамалары өте ұқсас.

Қорытынды

Күлтөбе қалашығынан малдың сүйектері көптеп кездеседі. Бүгінгі күнде оларға археозоологиялық, трасологиялық зерттеулер жүргізіліп жатыр. Сүйек құралдар қала тұрмысында қолданылған және олар тұрғындардың өмір салттары мен дәстүрлерімен байланысты болған. Ортағасырлық тұрғындар қолдағы бар шикізаттарды тиімді пайдалану жолдарын білген. Сойылған малдың етін жеп, сүйегін өңдеп, тұрмыстық жағдайда құралдарға айналдыра білген. Қолдағы бар сүйек құралдарды тұрмыста тері өңдеуде, киіз басу, тұрмыста пышақ, біз секілді құралдарды, баланың бесігінің жабдықтарын дайындауда, ойын түрлеріне, тиімді пайдалана білген. Кейбір сүйек бұйымдар (жауырын)

тұрғындардың дүниетанымында сакральды, рухани дүниемен байланысты болған.

Күлтөбе қалашығынан табылған сүйек және мүйіз құралдардың басым көпшілігі көп қолданыста болмаған, тозу белгілері жоқ. Бұйымдардың бір бөлігі дайындама түрінде кездеседі, яғни құралдарды дайындау барысында кездейсоқ сынып, жарамсыз болып қалғандықтан, қолданыста болмаған. Бұйымдардың келесі бір бөлігі алғашқы өңдеуден өтіп, бір рет қана қолданыста болған. Мұндай ерекшеліктің болуын қалашықтың кешенді өмір сүргендігімен байланыстыруға болады.

Қорыта айтқанда, ортағасырлық тұрғындар сүйек және мүйізді өңдеп, тұрмыстық қажеттеріне жаратқан және ол үрдіс ғасырлар, жылдар бойы жалғасып, қазақ халқының салт-дәстүрі мен тіршілігіне беки түскен.

Ескертпе

*Мақала «Қазақғылыми-зерттеу мәдениет институты» ЖШС және «Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты» РМҚК арасында 23.02.2021 жылы № ЮЛ/2021-8 қызмет көрсету Келісім-шарты міндеттерін іске асыру шеңберінде дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

1. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С. Криминалистика. М.: НОРМА–ИНФРА-М, 2000. 990 с.
2. Антипина Л.Л., Яворская Л.В. Трасологический анализ и интерпретация инструментально обработанных бараньих лопаток из городов Золотой Орды // Краткие сообщения Института археологии. 2017. Вып. 248. С. 12-20.
3. Бабақұмар Х. Қой жауырынының киелі қасиеті және оның дәстүрлі мәдениеттегі орны // Ұлттық тәрбие. 2012. № 3 (11). 50-57-бб.
4. Бейри С., Васильев С.А., Давид Ф., Карлен К., Дьяченко В.И., Чесноков Ю.В. Опыт реконструкции процесса обработки шкур (по материалам верхнепалеолитической стоянки Уй 1 на Енисее и этноархеологическим данным) // Археология, этнография и антропология Евразии. 2002. № 2 (10). С. 79-86.
5. Ефименко П.П. Костенки I. М.–Л.: АН СССР, 1958. 483 с.

6. Куспеков Д.Ж. Бесік түрлері және оның жасалу жолдары // Зерттеуші. 2012. № 12 (80). 128-136-бб.
7. Логофаст Л.А., Добровольская Е.В. Изделия из кости из раскопок слоев хазарского времени Фанагории // Материалы по археологии и истории Фанагории. 2018. Вып. 4. С. 77-90.
8. Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции в 1947 г. // Известия АН КазССР. Сер. археол. 1950. Вып. 2. С. 3-36.
9. Пальцева Д.У., Буржасов Р.А., Сьянова О.А. Косторезное производство Нижнего и Среднего Поволжья на основе анализа костяных заготовок и бракованных изделий Биляра и Самосдельского городища // Каспийский регион: политика, экономика, культура. 2012. № 4 (33). С. 20-26.
10. Пальцева Д.У., Шакиров З.Г., Худяков А.В. Костяные предметы быта средневекового населения Биляра // Филология и культура. 2012. № 1 (27). С. 208-215.
11. Панковский В.Б., Саргизова Г.Б. Кейінгі қола дәуіріндегі Талдысай қонысының сүйек және мүйіз индустриясын жүйелеу // Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықар. ғыл.-тәж. конф. м-ры (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2020. 1 том. 163-168-бб.
12. Семенов С.А. Первобытная техника: (опыт изучения древнейших орудий и изделий по следам работы). М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1957. 140 с.
13. Семенов С.А., Коробкова Г.Ф. Технология древнейших производств. Л.: Наука, 1983. 252 с.
14. Смагулов Е.А. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Марғұлана, 2017. 341 с.
15. Талеев Д.Ә., Шағирбаев М.С. Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) қаласының остеологиялық материалдары // Марғұлан оқулары – 2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықар. ғыл.-тәж. конф. м-ры (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, 2020. 1 том. 230-241-бб.
16. Хазбулатов А.Р. Археологический парк «Городище Культобе» в системе культурного наследия Казахстана // Традиции, актуальные вопросы и инновации в образовании, воспитании, науке и производстве в рамках программы «Рухани жаңғыру»: труды междунар. конгресса, посвящ. 3-х летию программы «Рухани жаңғыру», празднованию 2200-летия Абу Насыра аль-Фараби, статуса культурной столицы СНГ города Шымкент в 2020 г. (г. Шымкент, 24–26 июня 2020 г.) Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова. 2020. С. 19-23.
17. Федорук А.С., Вальков И.А. Орудия кожевенного производства поселения Жарково-3 // Известия Алтайского государственного университета. 2015. № 4/2 (88). С. 229-234.
18. Keeley L.H. Microvear polishes on Flint: some experimental results // 2nd International Symposium on Flint. Staringia, 1976. Vol. 3. P. 49-51.

REFERENCES

1. Averyanova, T. V., Belkin, R. S. 2000. *Kriminalistika (Criminology)*. Moscow: “NORMA–INFRA–M” Publ. (in Russian).
2. Antipina, L. L., Yavorskaya, L. V. 2017. In: *Kratkiye soobshcheniya Instituta arheologii (Brief Communications of the Institute of Archaeology)*, 248, 12-20 (in Russian).
3. Babakumar, Kh. 2012. In: *Ulttyq tarbiye*, 3 (11), 50-57 (in Kazakh).
4. Beyri, S., Vasilyev, S. A., David, F., Karlen, K., Diachenko, V. I., Chesnokov, Yu. V. 2002. In: *Archaeology, Ethnology & Anthropology of Eurasia*, 2 (10), 79-86 (in Russian).

5. Yefimenko, P. P. 1958. *Kostenki I*. Moscow–Leningrad: USSR Academy of science (in Russian).
6. Kuspekov, D. Zh. 2012. In: *Zertteushi*, 12 (80), 128-136 (in Kazakh).
7. Logofast, L. A., Dobrovolskaya, Ye. V. 2018. In: *Materialy po arkheologii i istorii Fanagorii (Materials on the archeology and history of Phanagoria)*, 4, 77-90 (in Russian).
8. Margulan, A. Kh. 1950. In: *Izvestia AN Kaz SSR. Seria arkheol. (Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. Archeology)*, 2, 3-36 (in Russian).
9. Paltseva, D. U., Burzhakov, R. A., Syanova, O. A. 2012. In: *Kaspiysky region: politika, ekonomika, kultura (The Caspian region: politics, economy, culture)*, 4 (33), 20–26 (in Russian).
10. Paltseva, D. U., Shakirov, Z. G., Khudyakov, A. V. 2012. In: *Filologia i kultura (Philology and culture)*, 1 (27), 208–215 (in Russian).
11. Pankowski, V. B., Sargizova, G. B. 2020. In: *Margulan readings–2020*. Almaty: A.Kh. Margulan Archeology Institute, vol. 1, 163-168 (in Kazakh).
12. Semenov, S. A. 1957. *Pervobytnaya tekhnika (opyt izucheniya drevneyshikh orudiy i izdeliy po sledam raboty) (Primitive technique (experience in studying the oldest tools and products on the traces of work))*. Moscow–Leningrad: USSR Academy of science (in Russian).
13. Semenov, S. A., Korobkova, G. F. 1983. *Tekhnologiya drevneyshikh proizvodstv (The technology of the most ancient industries)*. Leningrad: “Nauka” (in Russian).
14. Smagulov, Ye. A. 2017. *Drevniy Turkestan: shtrikhi k istoricheskomu portretu (Ancient Turkestan: touches to a historical portrait)*. Almaty: A.Kh. Margulan Archeology Institute (in Russian).
15. Taleev, D. A., Shagirbayev, M. S. 2020. In: *Margulan readings–2020*. Almaty: A.Kh. Margulan Archeology Institute, vol. 1, 230-241 (in Kazakh).
16. Khazbulatov, A. R. 2020. In: *Traditsii, aktualnye voprosy i innovatsii v obrazovanii, vospitanii, nauke i proizvodstve v ramkakh programmy “Rukhani zhangyru” (Traditions, topical issues and innovations in education, upbringing, science and production within the framework of the “Rukhani Zhangyru” program)*. Shymkent: M. Auezov South Kazakhstan State University, 19-23 (in Russian).
17. Fedoruk, A. S., Valkov, I. A. 2015. In: *Izvestiya Altayskogo gosudarstvennogo universiteta (Izvestiya os Altai State University)*, 4/2 (88), 229-234 (in Russian).
18. Keeley, L. H. 1976. In: *2nd International Symposium on Flint*. Staringia, 3, 49-51.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.09.2021.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.09.2021.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.09.2021.